

**Медициналық мақсаттағы бұйымды медицинада қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**1. МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ БҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ**

Комплементті байланыстыру реакциясына арналған қойдың консервіленген қаны

**2. ҚҰРАМЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ**

**2.1. Құрамы**

- қойдың консервіленген қаны

**2.2. Сипаттамасы**

2.2.1. «Комплементті байланыстыру реакциясына арналған қойдың консервіленген қаны (КБР)» реагенттер жинағы, әрі қарай мәтін бойынша «Жинақ» көлемі бойынша 4:1 арақатынасында біріктірілген қойдың дефибринделген қаны мен консерванттың қоспасы болып табылады; сыртқы түрі бойынша – қанық-қызыл түсті бұлыңғыр сұйықтық, герметикалық тығындалған құтыларға құйылған, құрамында көзге көрінетін агломерлер мен бөгде қосылыстар жоқ, қойып қойған кезде мөлдір сарғыш-кызғылт шөгіндіусті сұйықтыққа және іркілдек қанық-қызыл шөгіндіге ыдырайды.

**3. ӨНДІРУШІ ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ НЕМЕСЕ ТАУАРЛЫҚ БЕЛГІСІ**

«ЭКОлаб» ЖАҚ, Ресей

**4. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

Клиникалық зертханалық *in vitro* диагностика

Емдеу-профилактикалық және санитариялық-профилактикалық мекемелер

**5. ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ**

Қойдың консервіленген қанын 5 минут бойы 2000 айн/мин центрифугалау керек; шөгіндіусті сұйықтықты алып тастап, ал эритроциттер шөгіндісіне 0,9% натрий хлориді ерітіндісін бастапқы көлемге дейін қосу керек және шаюды қайталайды. Эритроциттерді шаюды 3 рет жүргізу керек, бұл ретте шөгіндіусті сұйықтықтың соңғы бөлігі түссіз болуы тиіс.

Шайылған эритроциттерден алынған 3 мл шөгіндіні 97 мл 0,9% хлорлы натрийді суспензиялау қажет.

**6. ЖИНАҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ «ЖИЫНТЫҚТАЛЫМ»**

- қойдың консервіленген қаны (10 мл-ден 5 құты)

**7. САҚТАУ ШАРТТАРЫ**

Жинақ бүкіл жарамдылық мерзімі бойына дайындаушы кәсіпорынның қаптамасында 2-ден 8°C-ге дейінгі температурада сақталуы тиіс. Мұздатып қатыруға болмайды. Жинақ 2-ден 8°C-ге дейінгі температурада тасымалданады. Мұздатып қатыруға болмайды.

**8. САҚТАУ МЕРЗІМІ**

Жинақтың жарамдылық мерзімі - 45 тәулік

**Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.**

**9. САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ**

Жинақты қолданудың потенциалды қауіп дәрежесі -1 класс.

Жинақпен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, эпидемияға қарсы режим және зертханалардағы (бөлімшелер, бөлімдер) жеке бас гигиенасы ережелерін орындау керек.

**10. ОСЫҒАН СӘЙКЕС МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ БҰЙЫМ ӨНДІРІЛГЕН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТ**

10.1. «Комплементті байланыстыру реакциясына арналған қойдың консервіленген қаны» реагенттер жинағының техникалық шарттары - ТШ 9398-044-70423725-2011

## **11. МЕДИЦИНАЛЫҚ МАҚСАТТАҒЫ БҰЙЫМДЫ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА ҚАЖЕТТІ МӘЛІМЕТТЕР**

11.1.Каталог бойынша нөмірі 03.12

«Комплементті байланыстыру реакциясына арналған қойдың консервіленген қаны» жинағы сапасының мәселелері бойынша мына мекенжайға хабарласу керек:

Ресей Федерациясындағы өндіруші: «ЭКОлаб» ЖАҚ, мекенжайы: 142530, Мәскеу облысы, Электрогорск қ., Буденный к-сі, 1 үй, тел.(49643) 3-23-11- тұрмыстық бөлім, 3-30-93- ОБТК, факс 3-31-43

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы:

Қазақстан Республикасындағы дистрибьютор: «ЭКОлаб КЗ» ЖШС, мекенжайы: 070019, Өскемен қ., Буров к-сі, 53, №1 кеңсе, тел/факс 26-21-55, тел.21-23-52